

ӘКЕММЕН ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕМІН

*Бекбарова Қалданай Нүридінқызы,
№73 мектеп –лицейінің мұғалімі
Астана қаласы*

Жобаның өзектілігі: Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», -деген болатын. Сондықтан біз жас ұрпақтың бойына жан-жақты білім берумен бірге ұлттық тәрбие беруді қатар ұстағанымыз жөн. Ғылым мен техника қауырт дамыған, жастардың жаппай компьютерлік технологиямен әуестенуі кезеңінде рухани мұраттар мен құндылықтарды өркендету және әдеби көркем шығармашылыққа қызығушылықты қайта қалпына келтіру өзектілікті қажет етеді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Адам баласының бүкіл ғұмырындағы ең сенімді және ең сабырлы серігі—кітап», -деп атап өткен болатын.

Мектебімізде өз елінің тарихын, мәдениетін, рухани құндылықтарын терең меңгерген, мәдениеті жоғары тұлға қалыптастыру барысында оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін «Әкеммен әдебиет әлеміндемін» жобасы әзірленді.

Жоба миссиясы:

Білім алып жатқан оқушыларға отандық және әлемдік әдебиеттің терең мұраларын танып-білген, рухани дүниемен сусындаған, бәсекеге қабілетті оқушы болуына ықпал жасау

Жобаның мақсаты:

-оқушыларға қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқыту арқылы, сол туындылардың рухани маңыздылығын жеткізу.

- интеллектуалды ұлт қалыптастыруда жас буынның бойында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру.

- кітап оқуға оқушылармен қатар ата-аналарды жұмылдыру, мектеп өмірімен байланысын күшейту

- оқушыларды рухани тәрбиелеу мен шығармашылыққа бейімдеу

Жобаның міндеттері:

- баланың жан дүниесі рухани жағынан бай болып қалыптасуына жол ашу

- қазақ және әлем әдебиетінің классикалық туындыларын түсініп оқуға, көркем ойлау және бейнелі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және әлеуметтік ортада қарым – қатынас жасай алуға үйрету

Зерттеу нысаны:

Астана қаласы әкімдігінің «№73 мектеп-лицей»КММ

Зерттеу кезеңдері:

I кезең. 2016-2017ж. Мектеп психологының арнайы жүргізген сауалнамасы арқылы оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтың төмен

екендігі анықталды. Осының барысында «Оқуға 100 кітап» жобасы жасалынды.

II кезең. 2017-2018жж. Оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі іс-шаралар түрлері мен іске асыру формалары жүйеленіп, «Әкеммен әдебиет әлеміндемін» жобасы енгізілді.

Зерттеу әдістері:

Оқушы, ата-ана, тіл мамандарынан, кітапханашыдан алынған сауалнамалар

Күтілетін нәтиже:

Оқушының осы жоба аясында жүргізілген жұмыстарға қатыса отырып, кітапханаға, кітап оқуға деген қызығушылықтары артады.

Кітап оқымайтын оқушылардың танымдық үдерісіне әсерін тигізеді.

Отандық және әлемдік әдебиеттің терең мұраларын танып-білген, рухани дүниемен сусындаған, бәсекеге қабілетті оқушы бола алады.

Үштік одақтың бірігуімен жылда дәстүрлі түрде өткізіледі.

“...Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес. Әр адамның ең жақын досы –кітап болғанда, сол нәрлі достық ең әуелі әдебиет кітабымен достасудан басталады”

М.О.Әуезов

Сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу тәрбие процесіне енгізу арқылы болашақта өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару –жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып тұр.

Сондықтан біз жас ұрпақтың бойына жан-жақты білім берумен қатар ұлттық тәрбие беруді қатар ұстағанымыз жөн. Ғылым мен техника қауырт дамыған, жастардың жаппай компьютерлік технологиямен әуестенуі кезеңінде әдеби көркем шығармашылыққа қызығушылықты қайта қалпына келтіру өзектілікті қажет етеді.

Адам өмірінің бірден –бір маңызды бөлігі-кітап. Кітап адам өмірінің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Өзіне тәрбие тағылым, өнерін ұштау, кітаптың маңыздылығын балаға жеткізу мақсатын ұстанған осы жоба көптеген оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын оятты.

Қазіргі таңда мектебімізде білім алушы оқушыларымыздың басым бағытын көркем әдебиет оқуға деген қызығушылығын арттыру жұмыстарын ұйымдастырудамыз.

Жобаны енгізуге түрткі болған ой – ол көркем әдебиет оқудан алыстап бара жатқан оқушының қызығушылығын түрлі іс-шара мен әдіс тәсілдер арқылы ояту болып табылады.

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған міндеттердің ең бастысы-салауатты сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Оқушының рухани байлығын, ой-өрісін дамытуда талап талғамын қалыптастыруда ең үлкен тәрбие құралы –кітап.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі адам ресурстарын арттырудың ұстанымдарын, шығармашылық ойлауды оқыған кітаптарынан алған теориясын басшылыққа ала отырып әлемдік бәсекелестікке лайықты жаңа тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақстан кітап қоры жөнінен әлемде 41-орында екен. Еліміздегі әрбір мың тұрғынға 249 кітаптан келеді. Ал сол кітаптарды оқу жағынан статистикаға сүйенсек, соңғы он бес жылда 17 миллион халқымыздың 17 пайызы ғана кітапқа қызығушылық танытқан. Сол 17 пайыздың 10 пайызы мектептен білім алып жатқан оқушылар дегеннің өзі де аз көрсеткішті көрсетеді. Яғни оқушылардың әдеби кітаптарды оқуға деген құлшынысы азая түскен, себебі бүгінгі компьютерлендірілген, қарқынды дамыған техника заманы өз қызығын ұсынуда. Төмен пайызды көрсеткішті жоғарылату үшін мектебімізде кітап оқуға деген ынта-ықыласты арттырудың түрлі амалдары жасалуда

Ең алдымен дұрыс жоспар құру және оны жүзеге асыруда сыни тұрғыдан әрекеттер жүргізу басты мәселе болып табылады. Алдымен алынған анкета және сауалнамалар арқылы қажеттілік басымдықтар, зерттеу тақырыптары анықталды.

Қазіргі кезде оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы төмен екені анықталды.	Неге деп ойлайсыз?
Бұның соңы неге әкеліп соғады?	Мәселені шешудің қандай жолын ұсынар едіңіз? 1. 2. 3

Осындай үлгіде оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнамалар жүргізілді. Нәтижесінде, «Неге деп ойлайсыз?» деген сұраққа 80 пайыз интернет желісінің зияны екенін білдірді. «Бұның соңы неге әкеліп соғады?» деген сұраққа оқушылар денсаулыққа зиян десе, ата-аналар кітап оқымаған баланың санасы уланып мәңгірттікке алып келеді деген қауіптерін білдірді. Мәселені шешуге ұсынған ұсыныстар әртүрлі нұсқада көп болды. Негізгілеріне тоқталсақ, оқушылар өздеріне ұнаған кітапты сыйға алып оқыған дұрыс десе, ата –аналар тарапынан отбасылық оқуға байланысты түрлі іс-шаралар, байқаулар болса деп өз ұсыныстарын айтты. Осы анықталған қажеттіліктерді шешу мақсатында оқушыны отбасымен оқу үшін «Әкеммен әдебиет әлемінде» тақырыбында әдеби кеш өткізілді. Байқаудың ережесін жасадық.

1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Астана қаласындағы №73 мектеп-лицейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» бірлестігінің ұйымдастыруымен 2018 жылы қазан айының 21-жұлдызында мектепшілік **«ӘКЕММЕН ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕМІН»** атты байқау өтеді.

Байқауға қатысуға мектеп-лицейдің 5-сынып оқушылары мен отбасының тірегі асқар тау әкелерді шақырамыз!

Мақсаты: мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру, лицей оқушыларының рухани бай болып қалыптасуына жол ашу

«100 кітап оқу» жобасын ата-аналар мен оқушылар арасында насихаттау, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату.

Міндеттері:

- оқушыларға «100 кітап оқу» жобасының басты идеясын насихаттау;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру;

2. Ұйымдастыру комитеті

Байқауды «Қазақ тілі мен әдебиеті» бірлестігі/жетекшісі: Қ. Н. Бекбарова/ ұйымдастырып, өткізеді.

Сондай-ақ, байқауға оқушылар мен ата-аналардың қатысуы тікелей сынып жетекшілері мен қазақ тіл мен әдебиет пән мұғалімдеріне жүктеледі.

Әділқазылар алқасының құрамы мен өткізілу тәртібін байқауды ұйымдастырушылар реттейді.

3. ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕСІ

Байқауға:

Байқауға қатысуға мектеп-лицейдің 5-сынып оқушылары мен қатысушы оқушының әкелері қатыса алады.

4. ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

«ӘКЕММЕН ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕМІН» атты байқау төмендегі номинация бойынша өтеді. Байқауға қатысушылар сахнаға ұлттық киім үлгісінде шығады.

1. «Тіршілік тілі-ӘКЕЛЕР» атты поэзиялық туындылар конкурсы.

Бұл номинациялар бойынша - байқауға қатысушы ата-аналар мен білім алушылар қазақ әдебиетіндегі классикалық туындылар мен қазіргі заман әдебиетінің көрнекті тұлғаларының шығармаларын мәнерлеп жатқа оқиды.

2. «Әкелердің орны бөлек...» атты проза жанрындағы шығармалар конкурсы. Бұл номинация бойынша отбасымен бірлесе оқыған көркем шығармасы бойынша сахналық қойылым көрсетеді.

5. Жеңімпаздарды марапаттау

Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері әділқазы мүшелерінің шешімі бойынша анықталады.

Байқаудың жеңімпаздары I,II,III дәрежелі дипломдармен марапатталады және бағалы сыйлықтар беріледі.

Байқауға қатысу барысында мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында жұмыс жасаған сынып жетекшілер лицей директорының алғыс хатымен марапатталады.

Байқаудың сценарийі

1 - жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата – аналар мен сүйкімді шәкірттер! Қазақ тілі пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен өткелі отырған «Әкемен әдебиет әлемінде» атты іс – шарамызға қош келдіңіздер!

2 - жүргізуші:

Әр шаңырақта әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым - қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын оған қарап өсетін нысанасы. Міне, сондықтан да біз бүгінгі сайысқа «Әкемен әдебиет әлемінде» деген атау берген болатынбыз. Әдебиетке жақын, кітапқа құмар әкелер арқылы білімпаз балалар көбейе берсе екен деген тілегіміз бар

1 - жүргізуші:

Олай болса, іс – шарамыздың маңызын аша түсетін қойылымға кезек берейік. «Әке мен бала диалогы». Қабыл алыңыздар!

«Әке мен бала диалогы» қойылады

2- жүргізуші:

Бүгінгі сайысымыз 2 кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде сайыскерлеріміз белгіленген уақытта қазақ әдебиетіндегі көрнекті ақындардың патриоттық тақырыптағы өлеңдерін оқуы тиіс. Ал екінші кезеңде қатысушылар қазақ көркем әдебиетінен алынған тәрбиелік маңызы бар сахналық қойылым көрсетуі тиіс.

1- жүргізуші:

Олай болса, осы кезеңдерге сақадай сай болып дайындалып келіп отырған әр сыныптың қатысушыларын таныстырайық!

5 «А» - сыныбы – Биахмет Ақжан және әкесі – Жанпеисов Ахан Биахметович

5 «Ә» - сыныбы – Тұрсын Сырым және әкесі – Баймуханов Ғабит Тұрсынович

5«Б» - сыныбы – Исатай Айсұлу және атасы – Тынысов Серік

5 «В» - сыныбы – Ақпанова Әдеміяй және ағасы – Алдабергенов Данияр

5«Г» - сыныбы – Нұрланұлы Бахтияр және әкесі Төлепбергенов Нұрлан Аралбайұлы

5 «Д» - сыныбы – Зейнолла Әдемі және әкесі – Шаяхметов Марат Зейноллаевич

5 «Е» - сыныбы – Аширмет Кадыржан және әкесі – Абжаппаров Дәулет

2- жүргізуші:

Қатысушыларымызбен таныс болдық. Ал енді осы сайыскерлерге баға беретін қазылар алқасымен таныс болыңыздар!

Мектеп директорының инновациялық жобалар жөніндегі орынбасары – Шайхынова Тұрсынғүл Сағатбекқызы, жоғары санатты қазақ тілі пәні мұғалімі Сәпиева Мереке Омарбекқызы, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультетінің оқытушысы Ләззат Танысбай

1 - жүргізуші:

Сізсіз әке - ең ақылды, ең шыншыл
Сізсіз әке - ең жақын, ең сыршыл.
Шуақ шашқан қашанда асыл жүрегін
Жанымдасың, қамқорымсың білемін
Қабыл алғын бала жүрек тілегін

2- жүргізуші:

Бүгінгі сайысқа қатысушы әкелерімізге арналған жыр жолдарын қабыл алыңыздар!!! Ортада К. Сағындық, Ж. Нұрахмет

1- жүргізуші:

Үлкен рахмет!!! Ал біз сайысымыздың бірінші кезеңін бастайық. I кезең ережесіне сәйкес қатысушылар 3 минут уақыт ішінде өлең жолдарын мәнерлеп оқып шығуы тиіс. Олай болса, қатысушыларға сәттілік тілейміз!

2 - жүргізуші:

Мінеки, алғашқы кезеңіміз де өз мәресіне жетті. Уақыт оздырмай, екінші кезеңді бастаймыз. Бұл кезеңде қатысушылар сахналық көрініс қоюы тиіс. Берілетін уақыт – 7 минут.





Кеш соңында ата-аналар, мектеп директоры келген қонақтарға шексіз алғыстарын жаудырды. Осындай іс-шара келешек жас ұрпаққа үлгі болып, кітап оқуға деген құштарлық сезімін оятады деген оймен ұйымдастырып отырған мектеп әкімшілігіне риясыз алғыстарын білдіріп, алдағы уақытта да жалғасын тапса екен деген тілектерін білдірді. Оқушылар да іс-шараның берері мол, өмірлік азық боларлықтай тәлім-тәрбиеге толы екенін жасырмады.

«Әкеммен әдебиет әлемінде» атты іс-шараның соңында қатысушы әке -5 «в» сынып оқушысы Нәби Ғазиздің әкесі Нұрманбетов Ардақ Нәбиұлының айтқан пікірі

Осындай іс-шараны ұйымдастырып отырған мектеп әкімшілігіне, идея авторына ерекше алғысымды білдіремін. Мұндай іс-шара мектеп төңірегінде қалып қоймауы тиіс деп есептеймін. Себебі бұл іс-шараның берері өте мол. Осындай керемет сайыс тек қана №73 мектеп-лицейінде ғана емес, Республика бойынша атап өтілетін үлкен іс-шараға айналатынына сенімдімін.

Өз басым үлкен ризашылығымды білдіремін. Себебі біздің үйде жылдар бойы балконда қараусыз қалған кітаптардың шаңы сүртіліп, қолға алынды. Сарғайып қалған парақтарды ақтарып, жан дүнием керемет күй кешті. Күйбең тіршілік деп жүріп, кітаптарды қолға алмағанымға талай жылдардың зулап өткенін байқамай қалыппын. Мектепте оқыған туындыларым есіме түсіп, балалық шаққа саяхат жасап қайтқандай болдым. Отбасымызбен бірге арқа-жарқа болып, кітіптардан керемет үзінді іздедік, қойылымға дайындық жасадық. Осы іс-шараға дайындалу үшін үйге асығатын болдым. Бала құсап толқыдым.

Керемет көңіл-күй сыйлап, әсерлі кеш өткізгендеріңіз үшін алғысым шексіз. Бұл іс-шара алдағы уақытта да жалғасын тапса деген үлкен тілегім бар. Баршаңызға үлкен рақмет!

Мен 5 «б»-сынып оқушысы Мұратжан Сымбаттың әкесі Қадіров Мұратжан «Әкеммен әдебиет әлемінде» атты іс-шараға қатысқанымға өте ризамын. Осы жолғы сахнаға шығып қызыммен бірге орындаған өнеріміз көңілімізден шықты. Біз әкелі –балалы болып бірге дайындалдық. Осы уақыттарда біздің арамызда керемет әкенің балаға деген баланың әкеге деген құрметі, сүйіспеншілігі, ыстық ықыласы, көзінен қуаныштың ұшқыны көрініп

тұрды. Отбасымызбен бірге дайындалдық. Негізі осындай іс-шаралар жиі өтіп тұрса, барлық отбасыда кішкене болса да махаббаты арта түсетіні сөзсіз. Бұл кештің әсері бере тәрбиесі көп болды. Сол үшін осындай іс-шараларды ұйымдастырған мектеп ұжымына, мұғалімдерге алғысым шексіз!

Қорытынды

Оқушының рухани тәрбиесін нұрландыратын құрал—ол кітап. Абай Құнанбаевтың сөзімен айтсақ «толық адам» дайындауға, қоғамдық ортаға қажет адамзат тәрбиелеуде көркем әдебиетті оқудың маңызы зор.

Мектебімізде бір-біріне ұқсамайтын әр қайсысының өзіндік ерекшеліктері бар мыңдаған шәкірттер бар. Бірақ олардың барлығын бір жүйеге бағындырып қарататын ол біз—мұғалімдер. Кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруда өткізілген іс-шаралар, әдіс-тәсілдер арқылы оқушының кітапты оқуға деген ынтасын арттырды.

Шәкірт жеңісі-ұстаз жемісі. Кітап оқуға деген құмарлықтың арттыру идеяның аясында оқушының бойынан кітапқа деген қызығушылықтың алғашқы баспалдағы қалыптасқанын байқадым. Қызығушылықты арттырудың нәтижесінде оқушылардың көркем әдебиет саласына қатысы бар байқаулардан жүлделі орынды бағындырды.

Мектепте оқушыны кітап оқуға қызығушылығын арттырып, ізденушілікке баули отырып, кітапханаға, кітап оқуға ынтасын аударғаны сезіледі. Тіпті кітап оқымайтын оқушылардың танымдық үдерісіне әсерін тигізді. Жыл бойында жоспарланған жүйелі түрде іске асса, отандық және әлемдік әдебиеттің терең мұраларын танып-білген, рухани дүниемен сусындаған, бәсекеге қабілетті оқушы бала алатынына қалыптастыра аламыз. Бүгінгі жас жеткіншектер өмірге бейімді болып, оның әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға анықтауға даяр болуы қажет. Сонда ғана біз жан дүниесі рухани оқушы қалыптастыра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
2. Құдайбергенова К. С Инновациялық тәжірибе орталығы-педагогикалық технология көзі. - Алматы, 2001.
3. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал №1(11) 2015
4. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал №3(21) 2017
5. Әлеуметтік желілер. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/2947/>
Бибігүл Жандарбекқызы Abai.kz